



## БЕКІТЕМН

Алматы облысы білім басқармасы  
«Облыстық білім беруді дамыту  
оку-әдістемелік орталығы»  
КММ директоры

А.Қабдулова

### Орта білім беру мекемелерінің психологтарына арналған «Ұздік психолог» облыстық байқауын ұйымдастыру және өткізу ережесі (бұдан әрі –Байқау)

#### I. Жалпы ережелер

1. Байқаудың басты мақсаты: талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін, өз кәсіптік біліктілігін көрсете алатын психологтарды анықтау, қолдау және мадақтау (ынталандыру) болып табылады.
2. Байқаудың міндеттері:
  - 1) психологтардың инновациялық тәжірибесі жөнінде банкін жинақтау;
  - 2) ұздік тәжірибелі психологтарды анықтау және жаңа буын әдістемелік материалдар базасын қалыптастыру;
  - 3) психологтардың кәсіптік қарым-қатынас жасауына және шығармашылық жаңалықтармен, идеялар мен тәжірибемен алмасуына жағдай жасау;
  - 4) қатысушылардың кәсіптік шеберлігінің өсуіне ықпал ету, кәсіптік психологиялық білімнің маңыздылығын арттыру және отандық психология ғылымындағы тәжірибелік психология қызметінің мәртебесін көтеру.

#### II. Байқауға қатысушылар

3. Байқауға білім беру үйымдарының психологтары қатысады:

Тапсырманы орындау барысында психологтар жан-жақты кәсіптік деңгейін, жалпымәдени және интеллектуалдық дамуын, көпшілік қауым алдында сөз сөйлеу мәдениетін көрсетеді.

Кәсіби шеберлігін (ата-аналар, педагогтар, балалар мен жұмыс істеу қабілеті), білім алу процесіндегі проблемалық жағдаяттарды шешу, психологиядан теориялық білімін, жалпы жан-жақтылығы мен мәдениетін көрсетуге бағытталған тапсырмалар қарастырылған.

Қатысушылар кәсіби шеберлігінде практикалық деңгейін, білім беру мазмұнын игеру, әдістемелік дайындығын, өз іс-әрекетін жобалау, инновациялық технологияларды менгеру деңгейін көрсетеді.

#### III. Байқау мазмұны және кезеңдері

4. Байқау 3 кезенде өткізіледі:

**I кезең** – аудандық, 2021 жылдың қазан айының бірінші жартысында өткізеді.

**II кезең** – облыстық, 2021 жылдың қазан айының екінші жартысында облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы өткізеді.

Байқауға қатысу жөніндегі сұраныс (басшылықпен бекітілген), портфолио, эссені, авторлық бағдарламаны 2021 жылдың 20 қазанына дейін мына мекенжайға жіберулерінде сұраймыз: e-mail: [dinara.kydykenova@mail.ru](mailto:dinara.kydykenova@mail.ru) Кыдыкенова Динара Жәрдембекқызы сот. 87478469220

**III кезең** – республикалық, ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы а.ж. өткізеді. Байқаудың қорытынды кезеңінен өткен психологтар қатысады.

(Бағалау өлшемдері Қосымша 1)

## Сырттай

1 кезең Берілген тақырыптардың біреуіне әссе жазу «Мен және менің мамандығым», «Психолог – болашақтың мамандығы», «Психолог және Мен», «Менің кәсіби үстанымым». Эссенің жалпы көлемі 1,5-2 бет, WORD, 14 қаріп, Times New Roman. Қатысушылар эссенің қағаз түріндегі нұсқасын байқауға алып келеді.

2 кезең. **Психолог портфолиосы.** Портфолиода 3 жұмыстан артық болмауы керек. (окушы, ата-ана, педагогтармен өткізілген түзету-дамыту бағдарламалары, іс-шара жоспарлары)

3 кезең. **«Психологияның ғажайып әлемі» монолог түрінде** (видео немесе презентация )

1,2,3 кезең материалдарын электронды нұсқада 20 қазанына дейін мына мекенжайға жіберулерінде сұраймыз: e-mail: [dinara.kydykenova@mail.ru](mailto:dinara.kydykenova@mail.ru)

## Бетпе-бет

### 4 кезең. «Өзін-өзі таныстыру»

Қатысушылар өздерінің көшбасшылық қабілетін, креативтілігін, пайдалана отырып, өздерін түрлі формада таныстырады.

5 кезең. **Авторлық бағдарлама.** (Авторлық бағдарлама бекітілуі тиіс)

### IV. Байқауды ұйымдастыру

5. Байқауды дайындау және өткізу үшін облыстық ұйымдастыру комитеті құрылады. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

6. Ұйымдастыру комитеті Байқаудың қорытынды кезеңін дайындаған өткізу, бағдарламасын дайындау, қатысушылардың тізімін жасауға басшылық етеді, қазылар алқасының құрамын тағайындауды, байқаудың қорытындысын шығарып, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

### V. Байқауды қорытындылау

7. Байқаудың қорытындысы бойынша қазылар алқасы категориялары бойынша байқаудың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін анықтайды.

8. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер облыстық әдістемелік кабинеттің I, II, III дипломымен, «Креативті психолог», «Үздік авторлық бағдарлама», «Үздік портфолио», «Психолог-зерттеуші», «Жас психолог» номинациялармен марапатталады. Үздік деп танылған жұмыстар облыстық әдістемелік кабинеттің сайтында жарияланады және де тәжірибеге енгізуге ұсынылады.

### VI. Байқауды қаржыландыру

9. Қатысушылардың іссапар шығындары (жол ақысы, тамақтану, жатын орны), ұйымдастыру жарнасы жіберуші жактың есебінен төленеді.

«Үздік психолог»  
облыстық байқауына  
сұраныс

Аты-жөні	Жұмыс орны	Қызметі	Еңбек өтілі (психолог ретінде)	Электрондық адресс, телефон

## Тапсырма өлшемшарттары

### **1. Психолог портфолиосының тұсауқесері**

Портфолиода З жұмыстан артық болмау керек (оқушы, ата-ана, педагогтармен өткізілген түзетудамыту бағдарламалары, іс-шара жоспарлары)

Бағалау өлшемдері:

- ұсынылып отырған оқу-әдістемелік материалдың өзектілігі;
- материал мазмұнының іске асыру деңгейі;
- заманауи ақпараттық-кәсіптік технологияларды пайдалану деңгейі;
- ұсынылған материалдардың нәтижелері мониторингі;

### **2. Эссе тақырыптары:**

«Мен және менің мамандығым», «Психология – болашақтың мамандығы», «Психолог және Мен», «Менің кәсіби ұстанымым».

Бағалау өлшемдері:

- ғылыми бағыттылығы және өзектілігі;
- мазмұны, тұтастылығы, бірегейлігі;
- тіл мәдениетінің көркемдігі,
- қол жетімділігі, креативтілігі, қажеттілігі.

Эссе облыстық әдістемелік кабинетке жіберіледі. Эссенің жалпы көлемі 1-2 бет, WORD, 14 қаріп e-mail:[dinara.kydykenova@mail.ru](mailto:dinara.kydykenova@mail.ru)

### **3. «Психологтың ғажайып әлемі» монолог түрінде (видео немесе презентация )**

Орындау уақыты –5 минут.

Бағалау өлшемдері:

- креативтілігі;
- көпшілік алдында сөйлеу қабілеті;
- мақсаттылық.

### **4. «Өзін-өзі таныстыру»**

Қатысушылар өздерінің көшбасшылық қабілетін, креативтілігін пайдалана отырып, өздерінің жұмыс стилін түрлі формада таныстырады.

Орындау уақыты – 5 минут.

Бағалау өлшемдері:

- психологияның мазмұнын, әдістемелерін игеруі;
- оқушы, ата-ана, мұғалімдермен кері байланыстың болуы, кәсіби психологиялық сүйемелдей білу шеберлігі;
- жағдаяттан дұрыс әрі, ұтымды шешім қабылдап, шиеленіссіз шыға білу;
- креативтілігі.

### **5. Авторлық бағдарлама. (Авторлық бағдарлама бекітілуі тиіс)**

Бағалау өлшемдері:

- тақырыптың өзектілігі;
- кәсіби жан-жақтылығы;
- мақсаттылығы, нәтижелігі;
- түзете – дамытушылық бағдарламаның бала аңғарымына сәйкестігі;
- қолданылатын әдіс-тәсілдердің оқушы жас ерекшелігіне сәйкес болуы;
- оқушыға оқу қыындықтарын жеңуге бағытталған әдістердің тиімділігі;
- оқушының даму динамикасы (қорытынды)
- түзету сабактарының бірізділігі (өзара байланысы)
- мазмұндылығы және рәсімделуі